

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі  
Алматы облысының Білім басқармасы  
МКҚК «Талғар политехникалық колледжі»

Келісілді  
Колледж әдіскері  
Жазильбекова Р.О.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2018 жыл

Бекітемін  
Директордың тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары  
Құрманғожаева Ж.Б .

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2018 жыл

**2018-2019 оқу жылына арналған колледж топ жетекшілер  
бірлестігінің жұмыс жоспары**

**БІРЛЕСТІК ЖЕТЕКШІСІ:      МЫНБАЕВА АЙНУР БОЛЫСҚЫЗЫ**

## Бірлестік тақырыбы: Балалар тәрбиесін-үлкендерден бастау керек

**Мақсаты:** Білім мазмұнын жаңарту жағдайында және үздіксіз білім беруде студенттердің өз елінің патриоты ретінде қалыптасуына, өздерін тануына, әлеуметтенуіне, болашақ маман иесі болуына оңтайлы жағыдай жасау

**Міндеттері:**

- білім беру ұйымдары, отбасы және басқа әлеуметтік институттардың күшін біріктіру;
- бірлестік мүшелерінің кәсіби біліктіліктерін, педагогикалық іскерліктерін шыңдау;
- бірлестік мүшелерінің нәтижеге бағытталған оқыту мен тәрбиелеуде ізденіспен жұмыс жасауына жағыдай жасау;
- қоғамның тәрбиенің басым рөлін түсінуіне көмектесу;
- білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәрбиенің үздіксіздігі

мен сабақтастығын қамтамасыз ету.

**Нысаны:** білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінің біртұтас педагогикалық процесі.

**Іске асыру механизмдері:** Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде негіз болады.

<i>№</i>	<i>Іс- шаралар</i>	<i>Іс – шара түрі</i>	<i>Өткізу мерзімі</i>	<i>Жауаптылар</i>
1	1.2017-2018 оқу жылындағы топ жетекшілер бірлестігі жұмысының есебі. 2. 2018-2019 оқу жылындағы топ жетекшілер бірлестігі жұмысының мақсаты мен міндеттерімен танысу. 3. Топ жетекшілерінің 2018-2019 оқу жылында жүргізілетін тәрбие жұмысының жоспарын талдау, бекіту, ашық тәрбие сағаттарының кестесін бекіту. 4. 2018-2019 оқу жылындағы топ жетекшілер бірлестігі жұмысының жоспарын және отырыс жоспарымен таныстыру, бекіту. 5. Топ жетекшілерінің іс-құжаттарын түгендеу. 6. 8 бағыт бойынша жұмыс атқару 7. Жас топ жетекшілерге тәлімгерлерді бекіту.	№1 бірлестік отырысы	Тамыз Қыркүйек	Құрманғожаева Ж.Б. Мынбаева А.Б. 1-3 курс топ жетекшілері
2	1.ҚР халықтарының тілдер мерекесіне орай өткізілетін іс-шаралар есебі. ҚР рәміздері. 2.Жаңадан келген 1 курс студенттерімен жұмыс. 3. Ата-аналармен жұмыс. 4. Оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау диагностикасы. Топ жетекшілер жұмысын талдау. 5. Колледжішілік бақылауды	Колледжішілік шара  жиналыс	21 қыркүйек  Қыркүйек-казан  үнемі	Молдахметова Б.  1 курс топ жетекшілері  Психолог  Колледж инспекторы

	жандандыру. 6. Өзін-өзі басқару ұйымын ұйымдастыру. 7. Топ жетекшілерінің іс-құжаттарды жүргізу барысын тексеру.	Колледж активтерім ен отырыс		Топ шеберлері
3	1. Жас топ жетекшілермен жұмыс. 2. Девиантты іс-әрекетті балалармен жұмыс. 3. Тәрбие жұмысына байланысты бұқаралық ақпарат беттеріне мақалалар жазу, жариялау. 4. Топ жетекшілерге арналған әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету. 5. Жас топ жетекшілердің кәсіптік деңгейлерін көтеру мақсатында білікті тәжірибелі мамандардың тәрбие сағаттарына қатыстыру.	отырыс	Қазан	Мынбаева А.Б. топ жетекшілер
	1. Озық педагогикалық тәжірибенің жұмысын колледжде насихаттау. 2. Педагогикалық тактика: оқушыны мадақтау, жазалау, көңіл бөлу, мейірімділік, адамгершілік сезімін ояту сияқты жолдарын игерту. 3. Колледждегі психолог және инспектормен тығыз байланыста жұмыс жүргізу. (оқушыларды, ата-аналарды зерттеу)	Дөңгелек үстел	Қараша	Мынбаева А.Б. 1-3 курс топ жетекшілері
4	1. 1-желтоқсан Президент күні. 2. 1-желтоқсан СПИД-ке қарсы күрес күніне орай өткізілетін іс-шаралар ұйымдастыру. 3. 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай өткізілетін іс-шаралар өткізу. 4. Ата-аналармен жүргізілетін жұмысы	Топ жиналысы	Желтоқсан	топ жетекшілер
	1. Топ жетекшілер жұмысының диагностикасымен мониторингі (1 жарты жылдық). 2. Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жұмыс	отырыс	Қаңтар	топ жетекшілер  психолог
	1. Колледжішілік бақылау, тәрбие сағаттарымен т.б іс-шараларға қатысу. 2. «Жыл топ жетекшісі -2019» колледжішілік байқауының қорытындысы. 3. Әр түрлі мәселелер.	Іс-шаралар	Ақпан	топ жетекшілер
	1. 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай өткізілетін іс-шаралар. 2. 22-наурыз «Наурыз жыл басы» мерекесін ұйымдастыру. 3. Ата-аналармен жұмыс. 4. «Баланың бас ұстазы-ата-ана»	Іс-шаралар  семинар	Наурыз	Мынбаева А.Б. 1-3 курс топ жетекшілері

	<p>1.7-сәуір Дүниежүзілік денсаулық күніне орай студенттер арасында әңгіме жүргізу.</p> <p>2. Девиантты іс-әрекетті балалармен жұмыс.</p>		Сәуір	Мынбаева А.Б. 1-3 курс топ жетекшілері
	<p>1.2018-2019 оқу жылындағы ата-аналармен жүргізілетін жұмысының қорытындысы.</p> <p>2. Жас мамандармен жүргізілетін жұмыстарының есебі.</p>		мамыр	Мынбаева А.Б. 1-3 курс топ жетекшілері
	<p>1. Топ жетекшілерінің іс-құжаттарды жүргізу барысын тексеру.</p> <p>2. 8 бағыт бойынша атқарылған жұмыстарының есебін тыңдау.</p> <p>3. «Ең үздік топ жетекшісі» жылдық қорытындысы (рейтинг бойынша)</p>	отырыс	маусым	Құрманғожаева Ж.Б.  Мынбаева А.Б. 1-3 курс топ жетекшілері

## Топ жетекшілер әдістемелік бірлестігі отырысының

### №1 хаттамасы

Мерзімі 2018 ж тамыз айы

#### Күн тәртібінде:

2018-2019 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну.  
/Мынбаева А.Б./

1. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатпен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен таныстыру /Бейсембаева Е.К., Құрманғожаева Ж.Б.

2. 1 курс студенттеріне топ жетекшілерін бекіту

#### **Шешімдерінің орындалуы:**

2018-2019 оқу жылының жоспарын жаңа үлгіде жасау;

2018-2019 оқу жылының тәрбие жұмысы жоспарын бекітуге өткізу топ жетекшілерге жүктелсін.

Тілдер күніне арналған шаралар жоспарын құру Б. Молдахметоваға жүктелсін

#### Сөйлегендер:

**1 сұрақ** бойынша әдістеме бірлестік жетекшісі Мынбаева А.Б. 2018-2019 оқу жылында атқарылатын әдістеме бірлестігінің жұмыс жоспарымен таныстырды. Онда колледждің 2018-2019 оқу жылында «Оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде бәсекеге қабілетті, шығармашылық белсенділігі жоғары, дені сау, білімді ұрпақ тәрбиелеу» тақырыбында, «Оқушылардың жалпы оқу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру, білім сапасын жоғарылату құралы ретінде жұмыс барысында жаңа әдістерді пайдалану» тақырыбында жұмысын жалғастыратындығы айтылды. Әдістемелік бірлестік алдына тәрбие жұмысын талапқа сай, ұтымды ұйымдастыруды ғылыми тұрғыдан қамтамасыз ету мақсатын қояды. Осы тақырып төңірегінде жұмыс жоспары құрылып, атқарылатындығы айтылды. Сонымен қатар биылғы оқу жылындағы топ жетекшілермен жасайтын жұмыстары талқыланды.

**2 сұрақ** бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Бейсембаева Е.К. 2018-2019 оқу жылына арналған оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес және типтік оқу жоспарлары негізінде жасалатындығы жайында айтып өтті.

**3 сұрақ** Тілдер күнінің жоспарлануы. Бұл сұрақ бойынша Әб жетекшісі Мынбаева А.Б. мен Молдахметова Б. сөйледі. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңын орындалуын қадағалау, оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін арттыру негізінде іс-шаралар ұйымдастыруы. Осыған байланысты колледжде қыркүйек айында тілдер декадасын өткізуді жоспарлау керек. Осы мерекеге байланысты мерекелік шаралар өткізу және жоспар құрастыру.

**4 сұрақ.** Соңғы сұрақты барлық топ жетекшілер талқылады. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманғожаева Ж.Б. сөйледі.

Топ жетекшілер міндетін, жұмыс түрлерін түгел анықтап түсіндіріп берді.

Топ жетекшілер бірлестігінің алғашқы отырысында топ жетекшілерге 2018-2019 оқу жылы бойынша колледждің тәрбие жұмысымен, топ жетекші жұмысының мазмұны, топ жетекшісінің портфолиосымен таныстырылды. Топ жетекшілерге жылдық жұмыс жоспары жасалып, бекіту керектігі айтылды. Колледж психологы топтың әлеуметтік паспортын жасауын жаңа топ жетекшілерге үйретті.

#### **Шешімі:**

2018-2019 жылындағы топ жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспары бекітілуге ұсынылсын;

Тілдер апталығына арналған іс – шаралар өткізілсін.